

## Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясы туралы үлгі ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 20 маусымдағы № 135 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 25 шілдеде № 8575 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 7-бабы 23) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясы туралы үлгі ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің Мәдениет комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен ресми жариялады;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр* *М. Кұл-Мұхаммед*

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрінің  
2013 жылғы 20 маусымдағы  
№ 135 бұйрығымен  
бекітілген

## Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптамалық комиссиясы туралы үлгі ереже

1. Осы Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптамалық комиссиясы туралы үлгі ереже (бұдан әрі – Үлгі ереже) Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 7-бабы 23) тармақшасына сәйкес әзірленді және сараптама комиссиясының мәртебесі мен өкілеттігін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 8-бабы б) тармақшасына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы

орган) Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптамалық комиссияны (бұдан әрі – сараптамалық комиссия) құрады және ол туралы Ережені бекітеді.

Сараптамалық комиссияның құрамына археология, палеонтология, этнография, халықтық-қолданбалы өнер, филателия, нумизматика, геральдика, музыкалық аспаптар, кітап және баспа істері (қолжазбалар), бейнелеу өнері салаларының ғалымдары және жоғары білікті мамандары енгізіледі.

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптамалық комиссияның Ережесі (бұдан әрі - Ереже) осы Үлгі ереже негізінде әзірленеді.

3 . Е р е ж е д е :

1) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша әкетуге ұсынылған және Қазақстан Республикасынан уақытша әкетілген заттардың мәдени құндылығын, түпнұсқалығын және жай-күйін анықтау бойынша сараптамалық комиссияның негізгі м і н д е т т е р і н ;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша әкетуге ұсынылған және Қазақстан Республикасынан уақытша әкетілген заттарға сараптама жүргізу бойынша сараптамалық комиссияның функциясын;

3) сараптамалық комиссияның мәртебесін және өкілеттігін белгілейді.

4. Ережеде сараптаманың әдісі, мерзімі және нәтижесі туралы нұсқау берілген сараптамалық комиссияның қызметін ұйымдастыру көрсетіледі.

5. Ережеде сараптамалық қорытындының үлгісі осы Үлгі ереженің қосымшасына с ә й к е с қ а р а с т ы р ы л с ы н .

6. Сараптамалық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, мәдениет саласының заңнамаларын және осы Үлгі ережені б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

7. Ережеде сараптамалық комиссияның қызметіне қатысты қосымша мәліметтер көрсетілуі мүмкін.

М ә д е н и құ н д ы л ы қ т а р д ы  
у а қ ы т ш а ә к е т у ж ө н і н д е г і с а р а п т а м а л ы қ  
к о м и с с и я с ы т у р а л ы ү л г і е р е ж е г е  
қ о с ы м ш а

---

(облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органы)

Мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясы

**ҚОРЫТЫНДЫ**

---

(алғашқы/қайталама)

№ \_\_\_\_\_

қаласы \_\_\_\_\_ «\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

1. Өтініш беруші \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)

2. Өтініш берушінің деректері: \_\_\_\_\_  
(азаматтығы, төлқұжат немесе жеке куәлігінің №,

оның берілген күні немесе заңды тұлғаның деректемелері)

3. Өтініш берушінің қызметі: \_\_\_\_\_

4. Уақытша әкетудің мақсаты: \_\_\_\_\_

5. Сараптамаға \_\_\_\_\_ ұсынылды  
(заттың атауы, жазбаша саны)

6. Заттың сипаттамасы: \_\_\_\_\_

(түпнұсқа, авторы, жасалған уақыты мен жері, материалы және

орындалу техникасы, өлшемі, салмағы, сақталуы)

Қорытынды: \_\_\_\_\_

(мәдени құндылығы бар немесе жоқ,

уақытша әкету мүмкіндігі туралы ұсыным)

Сараптама комиссиясының

Комиссия мүшелері:

т ө р а ғ а с ы :

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә.)